**БЕКІТЕМІН**
**«Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК басшысы**
**__________Д. Қалқаев**
**2020 жылғы «03» маусым**

**Ұлттық домбыра күні аясында өткізілетін**
**«КҮМБІРЛЕ, ҚОҢЫР ДОМБЫРА!»**
**облыстық онлайн домбырашылар байқауының**
**ЕРЕЖЕСІ**

**Өткізілетін мерзімі**
2020 жыл маусым

**Өткізілетін орны**
Қостанай қаласы

**Ұйымдастырушылар**

- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

**Мақсаты**

- төл аспабымыз – домбыраға деген қызығушылықты арттырып, жастар арасында оң көзқарас қалыптастыру;
- күй мәдениеті арқылы қазақстандық патриотизм мен ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- халық композиторлары күйлерін халыққа кеңінен насихаттап, облысымыздағы домбырашылардың репертуарын толықтыру.
- жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру;
- домбырашылардың орындаушылық шеберлігін дамыту;

**Байқаудың талаптары**

- Шертпе дәстүрде 1 күй
- Төкпе дәстүрде 1 күй
- Байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 16-35 жас;
- Аудан, қала мәдениет үйлерінің өнерпаздарына арналған;
- Байқау жеке орындаушылар арасында өтеді.

**Байқаудың жалпы сипаттамасы**

- Байқау 1 кезеңнен тұрады

**Қазылар алқасы**

- Байқаудың қазылар алқасына Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармониясының домбырашылары шақырылады;
- Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді;
- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

**Бағалау өлшемдері**

- Сахна мәдениеті;
- Орындаушылық шеберлігі;
- Домбыраның дыбыс сапасы;
- Күйдің тарихын жеткізе білуі;
- Видеоның сапалылығы.

**Марапаттау жүлделері**

- 1 орын (біреу);
- 2 орын (біреу);
- 3 орын (біреу).

**Өтіністерді тапсыру шарттары**

Үміткер аты-жөні мен қай аудан, қаладан екендігі туралы қысқаша мәлімет беріп, күйлердің шығу тарихын баяндап, жанды түрде (фонограммасыз) орындаған видеосын hsb@ocsnt.kz электрондық мекен-жайына жіберуі керек.

Қатысушылардың өтінімдері мен орындаған шығармаларының видео нұсқасын қабылдау 25-маусым күні сағат 18-00 де тоқтатылады. Конкурстың қорытынды шешімі 1-шілде күні жарияланады.